

Г.Ы. СЕРКЕБАЕВА<sup>1</sup>, С.Р. БОРАНБАЕВ<sup>2</sup>, Г. БЕСКЕМПИРОВА<sup>3</sup><sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: g.serkebaeva@mail.ru<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, доцентМ. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: sandybai60@mail.ru<sup>3</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: gulzhan.beskempirova@mail.ru

### «КОДЕКУС КУМАНИКУС» ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНДЕГІ НАНЫМ-СЕНІМДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

**Аңдатпа.** Мақалада Орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» қыпшақ жазба ескерткішінде кездесетін наным-сенімдерге қатысты лингвомәдени бірліктердің танымдық сипаты қарастырылған. Наным-сенімдер – белгілі бір халықтың өмірі, мәдениеті, салт-дәстүрі, дүниеге көзқарасымен тығыз байланысты қалыптасатын рухани түсініктер болып табылды. Мақаланың негізгі мақсаты – аталған ескерткіш тілінде көрініс тапқан наным-сенімдерге қатысты тіл бірліктерінің лингвомәденитанымдық сипатын және олардың түркі халықтарына тән ортақ сабақтастығын ашу.

Мақалада дала өркениетінде қалыптасқан лингвомәдени бірліктердің бүгінгі күнде көрініс табуы айқындалып, нақты мысалдар арқылы олардың этномәдени, лингвокогнитивтік сипаттары анықталды. Уақыт өткен сайын адам баласының таным-түсінігі толысып, өзіне дейінгі мұраларды жинақтап, зерттеу қажеттілігі артады. Жазба ескерткіш тілін антропоэкетілік парадигма тұрғысынан зерттеу, ескерткіш мәтініне лингвистикалық талдау жасау маңыздылығы жоғары.

Мақалада түркілік таным мен тілдік санадан туындаған тәңірлік наным-сенімді білдіретін *Teñir* (тәңір), *kök* (көк) сөздерінің және *baqçï* (бақсы), *qam* (сиқыршы), *qam qatïn* (сиқыршы қатын), *rämıllık* (пал ашу), *bügü* (әулие), *keşenä* (кесене), *qurğan* (қорған), *sın* (сынтас) сияқты мистикалық танымнан туындаған тілдік бірліктердің концептуалды-семантикалық сипаты қарастырылды. Сонымен қатар, *yulduzçï* (жұлдызшы), *ay* (ай), *kun* (күн), *yulduz* (жұлдыз), *yaу* (жай тасы), *yaуşı* (жайшы), *sazaran* (айдаһар-найзағай) сынды космонимдердің лингвомәдени сипаты айқындалады.

**Кілт сөздер:** лингвистика, лингвомәдениет, лингвокогнитив, мистика, наным-сенім, этномәдениет, тілдік бірлік.

#### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Серкебаева Г.Ы., Боранбаев С.Р., Бескемпирова Г. «Кодекус Куманикус» ескерткіші тіліндегі наным-сенімдерге қатысты лингвомәдени бірліктердің танымдық сипаты // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №2 (132). – Б. 152–166. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.51>

#### \*Cite us correctly:

Serkebaeva G.Y., Boranbaev S.R., Beskempirova G. «Kodekus Kumanikus» eskertkishi tilindegi nanym-senimderge qatysty lingvomadeni birlikterdin tanymdyq sipaty [The Cognitive Nature of Linguistic and Cultural Units on the Beliefs of the Medieval Monument “Codekus Cumanicus”] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2024. – №2 (132). – B. 152–166. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.51>

Мақаланың редакцияға түскен күні 21.04.2024 / қабылданған күні 12.06.2024

**G.I. Serkebayeva<sup>1,3</sup>, S.R. Boranbayev<sup>2</sup>, G. Beskempirova<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of M. Auezov South Kazakhstan University  
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: g.serkebaeva@mail.ru*

<sup>2</sup>*Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University  
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: sandybai60@mail.ru*

<sup>3</sup>*Senior Lecturer of M. Auezov South Kazakhstan University  
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: gulzhan.beskempirova@mail.ru*

### **The Cognitive Nature of Linguistic and Cultural Units on the Beliefs of the Medieval Monument “Codekus Cumanicus”**

The article deals with the cognitive character of linguocultural units relating to the beliefs found in the medieval monument of Kypchak writing “Kodekus Kumanikus”. Beliefs are spiritual concepts that are formed in close connection with the life, culture, customs, views on the world of a certain people. The main purpose of the article is to reveal the linguocultural character of linguistic units and their general continuity inherent in Turkic peoples in relation to the beliefs reflected in the language of this monument.

The linguistic units relating to the beliefs which found in the written monument “Kodekus Kumanikus” have been preserved for centuries in people's cognition as a spiritual and cultural phenomenon. The article defines the reflection of linguocultural units, formed in the steppe civilization to date, on specific examples defined their ethno-cultural, linguocognitive characteristics. With time, human cognition becomes more perfect, increases the need to accumulate and study the heritage that preceded. The great important is a study of written monumental language from the point of view of anthropogenic paradigm, linguistic analysis of the text of the monument.

In the article we considered language units expressing ancient folk beliefs: Teñir (god), kök (sky), бүгү (shrine), mystical lexemes: baqçı (shaman), qam (sorcerer), qam qatın (sorceress), rämıllık (divination), kešenä (mausoleum), qurvan (burial mound), sін (tombstone) cosonyms: yulduzçı (astrologer), ay (moon), kun (sun) yulduz (star), uau (lightning), yayşı (meteorologist), sazaıan (lightning dragon).

**Keywords:** linguistics, linguoculture, linguocognitive, mysticism, beliefs, ethnoculture, linguistic unity.

**Г.Ы. Серкебаева<sup>1</sup>, С.Р. Боранбаев<sup>2</sup>, Г. Бескемпирова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауезова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: g.serkebaeva@mail.ru*

<sup>2</sup>*доктор филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: sandybai60@mail.ru*

<sup>3</sup>*старший преподаватель Южно-Казахстанского университета имени М. Ауезова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: gulzhan.beskempirova@mail.ru*

### **Когнитивный характер лингвокультурных единиц на верования средневекового памятника «Кодекс Куманикус»**

**Аннотация.** В статье рассматривается когнитивный характер лингвокультурных единиц, относящихся к верованиям, обнаруженным в средневековом памятнике кыпчакской письменности «Кодекс Куманикус». Верования – это духовные понятия, которые формируется тесной связи с жизнью, культурой, обычаями, взглядами на мир определенного народа. Основная цель статьи – раскрыть лингвокультурологический характер языковых единиц и их общую преемственность, присущую тюркским народам, в отношении верований, отраженных в языке данного памятника.

Языковые единицы, относящиеся к верованиям, встречающимся в письменном памятнике «Кодекс Куманикус», веками сохранялись в народном познании, как духовно-культурное явление. В статье определено отражение лингвокультурных единиц, сформировавшихся в степной цивилизации на сегодняшний день, на конкретных примерах определены их этнокультурные, лингвокогнитивные характеристики. Со временем познание человека становится более совершенным, возрастает потребность в накоплении и изучении предшествующего ему наследия. Большое значение имеет изучение письменного монументального языка с точки зрения антропогенной парадигмы, лингвистический анализ текста памятника.

В статье рассмотрели языковые единицы выражающие древние народные верования: *Teñir* (бог), *kök* (небо), *bügü* (святыня); мистические лексемы: *baqçı* (шаман), *qam* (колдун), *qam qatın* (колдунья), *rämıllık* (гадание), *keşenä* (мавзолей), *qurğan* (курган), *sın* (надгробный камень); космонимы: *yulduzçı* (астролог), *ay* (луна), *kun* (солнце), *yulduz* (звезда), *yaу* (молния), *yaуşı* (метеоролог), *sazaran* (дракон-молния).

**Ключевые слова:** лингвистика, лингвокультура, лингвокогнитив, мистика, верования, этнокультура, языковое единство.

### Кіріспе

Кез келген этностың мәдениеті, таным-түсінігі мен рухани құндылықтары тілі арқылы көрініс табады. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, бүкіл бір ұлттың мәдени өмірінің, тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымының куәгері. Сондай-ақ, халықтың ғасырлар бойғы тарихынан хабар беретін құнды ақпараттардың жинынтығы. Тіл ойлау және мәдениеттің өзара байланысы лингвомәдени және этномәдени тілдік бірліктердің пайда болуына негіз болады. Ұлтты тануға негіз болатын ұлттық бояуы қалың әрі айшықты тілдік бірліктер орта ғасырлық «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде көптеп кездеседі. Шежірелі тарихымызға көз салсақ, қазақ халқының қыпшақтардың мұрагері екендігіне көзімізді жеткіземіз. «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштерінің тілі – қазақ әдеби тілінің бастауы деп танылады. Олар ғасырлар бойы жинақталған тілдік-мәдени тәжірибенің негізінде жасалынған. Өз кезегінде С. Боранбаевтың: «Кодекс Куманикус ескі қыпшақ тілдерінің ішіндегі ең ірісі» [1, 115-б.] деген пікіріне сүйенсек, «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші орта ғасырлық қыпшақ тілі мен мәдениетінен, тарихы мен танымынан көп мағлұмат беретін ең көлемді ескерткіш. Шынында да, орта ғасырлық «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде қыпшақ фольклорына тән жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, афоризмдер, салт-дәстүрмен байланысты туындаған наным-сенімдерді білдіретін лингвомәдени бірліктер, кәсіби және діни ұғымды білдіретін ұғымдар жиі ұшырасады. Ескерткіш тілін антропоэктілік парадигма негізінде зерттеу арқылы түркілік таным мен тілдік сананың арақатынасын анықтай аламыз. Сонымен қатар, «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіне лингвистикалық талдау жүргізу түркі тілдерінің даму заңдылықтары мен лексикалық қордың қалыптасуы мен дамуын айқындауға мол мүмкіндік туғызады.

Қоршаған ортамен үндестікте өмір сүрген түркілердің наным-сенімдері олардың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрімен тығыз байланысты туындаған. Көк Тәңірге сену, ай мен жұлдыздарға табыну көне түркілердің алғашқы таным-түсінігі болған. Жазба ескерткіш мәтінінде діни-мифологиялық ұғымды білдіретін *Teñir* (тәңір), *kök* (көк) сөздері, мистикалық танымға байланысты туындаған *baqçı* (бақсы), *qam* (сиқыршы), *qam qatın* (сиқыршы қатын), *rämıllık* (пал ашу), *bügü* (әулие), *keşenä* (кесене), *qurğan* (қорған), *sın* (сынтас) сөздері, космонимдік атауларды білдіретін *yulduzçı* (жұлдызшы), *ay* (ай), *kun* (күн) *yulduz* (жұлдыз), *yaу* (жай тасы), *yaуşı* (жайшы), *sazaran* (айдаһар-найзағай) секілді тілдік бірліктерді когнитивтік-семантикалық тұрғыдан қарастыру бүгінгі таңда тіл білімі ғылымының өзекті мәселесі. «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде наным-сенімдерге қатысты тілдік

бірліктер көне түркілер мен орта ғасырлық құмандардың және қазіргі қазақ халқының арасындағы өзара сабақтастықты көрсетеді. Қазіргі қазақ тілі мен орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіш тілінің байланысын ескерткіш тілін зерттеу нәтижесінде байқауға болады. Тілдің лексика-семантикалық жүйесі арқылы тілде сақталған дүниенің бейнесі ғасырлар бойы жинақталған тілдік-мәдени тәжірибенің көрінісі. Мәдени фон мен тілдік мағына тығыз байланыста болып, тілдік санада лингвомәдени концептілер пайда болады. Орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіші тілінен лингвомәдени мәні бар тілдік деректерді жиі кездестіреміз. Жазба ескерткіш тіліндегі діни-мифологиялық, мистикалық танымнан туындаған, аспан әлемі құбылыстарын білдіретін атаулар қазіргі қазақ халқының танымдық түсінігі мен тілдік санасында әлі күнге дейін сақталған. Орта ғасырлық тарихи жазба ескерткіштер деректеріне сүйене отырып, қазақ тілінің негізгі лексикалық қорының пайда болуы мен оның дамуын, көнерген сөздердің қатарын анықтай аламыз. Сонымен қатар, орта ғасырлық жазба ескерткіштерді тілдік тұрғыдан зерттеу лингвомәдени лексиканың танымдық сипатын ашуға көп мүмкіндік береді.

Тіл білімінде лингвомәдени бірліктерді лингвокогнитивтік тұрғыдан В. Гумбольд, В.Н. Телия, В. Маслова, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Н. Уәли, Б. Тілеубердиев, Ж. Манкеева, т.б ғалымдарды атауымызға болады. Ал орта ғасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі, наным-сенімдерге қатысты мәселелерді тілдік, тарихи тұрғыдан В. Томсен, Н.Я. Бичурин, С.Г. Кляшторный, В. Банг, А. Самойлович, С. Малов, Қ. Анарбаев, И. Гулеев, Б. Көмеков, Ә. Құрышжанов, С. Құдасов, М. Сабыр қарастырып, құнды пікірлер айтқан.

«Кодекус Куманикус» жазба ескерткішіндегі тарихи-этнографиялық, тілдік-мәдени мағлұматтар түркі халықтарына ортақ құндылықтар. Сол себепті құман-қыпшақтардың өмірінен кең мағлұмат беретін жазба ескерткіш әлі күнге дейін ғалымдардың назарынан тыс қалмай, зерттеу нысанына алынуы заңды құбылыс.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Мақаланы жазу барысында «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінде кездесетін наным-сенімдерге байланысты туындаған тілдік бірліктер зерттеу нысанына алынды. Аталған лингвомәдени бірліктер этнос болмысын айқындаудағы бірден бір құнды ақпараттар көзі деп қарастыруымызға болады. Зерттеу барысында «Кодекус Куманикус» ескерткішінде кездесетін наным-сенімдерге байланысты ұғымдар Орхон Енесей жазба ескерткіші, «Көне түркі сөздігі» (ДТС), М. Қашқаридің «Диуни луғат-ат түрік» және «Қазақ әдеби тілінің сөздігімен» тарихи тұрғыдан зерттелініп, салыстырмалы талдау жасалынды. Соның негізінде теориялық жинақтау, сипаттамалық әдістер қолданылды. Талдау нәтижелері тарихи лексикология, семасиология, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика салаларына байланысты зерттеу жүргізуде құнды материал болып саналады.

### **Талдау мен нәтижелер**

«Кодекус куманикус» жазба ескерткішінде кездесетін наным-сенімдерге қатысты лингвомәдени бірліктерді түркі тектес халықтардың қалыптасуы мен дамуындағы ойлау мен дүниені тануының көрінісі ретінде қарастыра аламыз. Тарихи жазба деректерге сүйенсек, дүниенің төрт бұрышын билеп, табиғатпен етене байланыста өмір сүрген түркілердің тұрмыс-тіршілігі «Тәңірлік» идеядан бастау алып, наным-сенімдеріне ұласып жататындығын байқау қиын емес. Түркілік дүниетанымнан пайда болған наным-сенім діни-мифологиялық, мистикалық, космоимдік ұғымдардан туындап, орта ғасырлық құмандар тіршілігінің нақты айғағы ретінде көрініс береді. Ежелгі түркілер танымында жаратылыстың құдіретті иесі – Көк Тәңірі, Көк аспан болған. Ғалым Ж. Манкеева «Түркілердің мәдениетіндегі табиғаттың нақты әсерін «көк тәңірге» құлшылық еткен сенімнен бастап, фольклордағы мифологиялық бейнелерден көруге болады» дейді [2, 88-б.]. Шын мәнінде, «Кодекус Куманикус» жазба

ескерткішінде кездесетін наным-сенімге байланысты туындаған мифологиялық бейнелер өз кезегінде халықтың дүниетанымының көрінісі. Жазба ескерткіштің діни мәтіндерде «Тәңір» лексемасы ең көп кездесетін тілдік бірлік. «Аспан» және «Жаратушы» мағынасында кездесіп, «*Teñir*», «*Teñir ata*», «*Teñirge*», «*Teñiriniñ*», «*Biyim Teñir*», «*Biyimiz Teñiri*», «*Biy Teñiri*», т.б. әр түрлі тілдік формаларда көрініс тапқан. Орхан жазба ескерткіштерінде де Тәңірі сөзінің көк, аспан, құдай деген ұғымдарды білдіргені белгілі. Ал «Көне түркі сөздігінде» (ДТС): Тәңгі сөзі 1. небо; 2. бог; божество; 3. божественный; 4. повелитель, господин деген бірнеше мағынасы берілгенін көреміз [3, 577-б]. М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») сөздігінде: Теңгі 1) құдай; 2) «аспан»; 3) «ұлы» деген үш түрлі мағынасы ашылған [4, 603-б]. Байқап қарасақ, ежелгі түркілердің дүниетанымында Тәңірі ұғымы кеңістіктің жоғарғы үстем тап өкілі ретінде аспан, құдай, мырза, адам тағдыры мен өмірінің әміршісі деген мағыналарды білдірген. Бұған белгілі түрколог С.Г. Кляшторный: «Верховным божеством древнетюркского пантеона является Тенгри (Небо), божество Верхнего мира. Именно Тенгри иногда вкупе с другими божествами, распоряжается всем происходящим в мире и, прежде всего предопределяет судьбы людей. Тенгри распределяет сроки (жизни)» [5, 131-б.] деп анықтама берген. Ал тарихшы, ғалым Б. Көмеков: «...куман-қыпшақтар – өздері ғасырлар бойы атадан-балаға мұра болып келе жатқан Тәңірлік наным-сенімдерін сақтауға ұмтылған» деп тұжырымдайды [6, 226-б]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «Тәңір» сөзінің бірнеше мағынасы ашылған. Мысалы, зат. діни. 1) *Құдірет иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы, Құдай, Алла тағала. 2) ауысп. Құдіретті күш иесі; пір*» [7, 57-б.].

Тәңірлік – ежелгі түркілерге ортақ наным. Бұл лексема түркі-моңғол, туысқан алтай тілдерінде де ұқсас қалыпта кездеседі. Сонымен қатар, әр ұлтта түрліше фонетикалық өзгерістерге ұшыраған күйде қолданыс тапқан. «Тәңір» сөзін алтайлықтар «Тенгри», «Тенгери», шорлар «Тегри», сахалар «Тангара», хакастар «Тигир», моңғолдар «Тэнгэр», буряттар «Тэнгэри, балқарлар «Тейри», болғарлар «Тангра», венгрлер «Тенри», гагауыздар «Тангры», қырғыздар «Тенир», қарайымдар «Тары», қарашайлар «Тейри», татарлар мен башқұрттар «Тэнре», түркімендер «Танри» деп атайды.

«Кодекус Куманикус» жазба ескерткішіндегі Тәңір ұғымының бәрінен де биік жаратушылық қасиетін христиан дінін уағыздауға арналған мәтіндерде жиі кездестіреміз. Мысалы, *Ata Teñir kökni-yerni, barça körinur-körinbezni yarattı.* (Ата Теңір көкті жерді, барша көрінетін-көрінбейтінді жаратты) [8, 54-б.].

*Men Teñiriniñ işinde osal boldum.* (Мен Тәңірдің ісінде осал болдым) [8, 56-б.].

*Teñirini sövgil barça üstündä.* (Тәңірді бәрінен де жоғары қойып сүй) [8, 69-б.].

*Yalbaruñiz Teñrigä.* (Тәңірге жалбарыныңыз) [8, 61-б.].

*Söygil Teñiriniñ seniñ Biyiñni kerti köñlünğen barça džaniñdan barçadan küçük džaniñdan dazı tiniñdan.* (Тәңіріні жүрегіңмен сүй, жаныңнан да, рухыңнан да жоғары қой) [8, 64-б.].

Діни мәтіндердегі тыйым сөздер арасында тек Тәңірге табынуды, сенуді уағыздайтын сөйлемдер де бар: «*Teñiriniñ atı bile ant içmägil.* (Тәңірдің атымен ант ішпе) [8, 964-б.]. «Кодекус Куманикус» ескерткішіндегі діни мәтіндерде Тәңірі сөзін пайдалану арқылы құмандарға христиан дінін уағыздау мақсаты болғаны анық. Бұл жөнінде ғалым Б. Көмеков: «Ескерткіш мәтнінде кездесетін христиан дінінің гимндеріндегі Тәңірі атауы, тек христиандық «бог» сөзінің баламасы ғана емес, оларда бұрыннан бар діни наным-сенімдердің ізінен де хабар беріп тұр деп санауға болады» деген тұжырым жасайды [7, 216-б.]. Тәңірге табынудың ертедегі ең көне үлгісін көне түркілік тарихи-мәдени ескерткіш «Орхон-Енесей» жазбаларынан кездестіреміз. «Күлтегін» жырында:

Биікте көк тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған,

Адам баласы үстіне ата-тегім  
Бумын қаған, Істеми қаған отырған,  
Отырып, түркі халқының ел жұртын

Қалыптастырған, иелік еткен [9, 3-б.] деген жолдардан «Көк Тәңірі» жаратушы екендігін түсінеміз. «Тәңірі – «Күлтегі» жазуындағы басты мотив ой қазығы жыр қуатты «Тәңірі» сөзімен басталады» [10, 60-б.] дейді. Көне түркі Орхон жазба ескерткіштері мен Орта ғасырлық жазба ескерткіштердің көбісі Тәңірі сөзімен басталады, Тәңіріге жалбарынып басталған істі Тәңірінің үнемі жарылқап, қолдап, қорғап отырғанын байқауға болады. Оған «Тоныкөк» жырындағы мына жолдар да дәлел:

Әскер үш мың екен,  
Біз екі мың екенбіз.  
Соғыстық.

Тәңірі жарылқады, жеңдік [9, 26-б.]. Жоғарыда көрсетілген мысалдардан көк түркілер өздерін Тәңірдің ерекше назары түскен халық деп санағандығын байқаймыз.

Халық танымында Тәңірдің ең тамаша туындысы табиғат деген түсінік болған. Табиғатты аялау арқылы түркілер «Тәңірге» үлкен құрмет көрсеткен. Сол себепті де түркі дүниетанымында табиғатқа байланысты қалыптасқан үрдістердің бүгінгі күнге дейін сақталып, түркі тектес халықтардың салт-дәстүрінде көрініс тауып жататындығы заңды құбылыс. Түркі халқының байырғы кезеңіндегі өмірге деген көзқарастарының негізі де осы тәңірге деген сенімде жатыр. Тәңірлік адамның табиғатқа табынуынан, табиғатты құдай деп түсінуінен туындаған танымдық түсінік. Түркілердің исламға дейінгі рухани дүниетанымында тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады. Халық «Тәңірі» жаратқан табиғаттың тылсым құпияларының сырларын ашуда әртүрлі мифтерді тудырған. Оған дәлел әлі күнге дейін Тәңір сөзіне байланысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің көптеп кездесуі. «Таңертеңгі ас – Тәңірден», «Бөрінің де Тәңірісі бар», «Тәңір асыраған тоқтыны бөрі жемейді», «Тек жатардан Тәңірі де безер», «Тәңір – біреу, кезек – екеу», «Тәңірінің құдіретін көрем десең тауға бар», «Тәңірі асыраған тоқтыны қасқыр жемейді», «Тәңір берген тоқты артық», «Тобы бірдің Тәңірі бір», «Құмырсқаның тас басқаны тәңірге аян», «Көрші ақысы тәңір ақысы» сияқты нақыл сөздер түркілердің ежелгі таным-түсінігінен туындаған. Бүгінгі таңда халық арасында «Хантәңірі», «Тәңірберген», «Тәңірқожа», «Тәңірберді», «Тәңір» деген адам есімдері жиі кездеседі.

«Көк», «Аспан», «Тәңір» сөздері өзара мәндес сөздер. «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінде бұл бірліктің діни мәтіндер арасында «Аспан», «Тәңір» мағынасында берілуі де кездейсоқтық емес. Жазба ескерткішінен «көк» концептілік өрісінің мағынасын ашатын бірнеше концептілерді мысалға келтіре аламыз. Жазба ескерткіш тілінде көк сөзі сұр түсін білдіреді. Мысалы, *kökcä ulaḡim kögende semirir* (көкше-сұр лағым көгенде семірді) [8-58-б.]. «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінде кездесетін көк сөзінің келесі бір концептілік семантикасы аспан, аспан әлемі, Тәңір, жаратушы мекені ұғымында кездеседі. Мысалы, *kökkä seni uzatlar* (көкке сені ұзатты) [8, 82-б.], *kim ačiqtiḡ, azix tiley kökgä kirdiḡ* (көкке азық тілеп кірдің) [8, 76-б.], *kök ötmäkin häm tatirdiḡ* (көктің нанын татырдың) [8, 76-б.], *kökniḡ nuri etiz keydi* (көктің нұры бойыңа кірді) [8, 83-б.], *köktägi han* (көктегі хан), *kökni-yerdi sen yarattiḡ* (көкті жерді сен жараттың), *kökniḡ nürü*, (көктің нұры) [8, 96 б.]. Көк сөзі тамыр, туысқан мағынасында да қолданыс тапқан. Мысалы, *kök* (түп, негіз), *köküm - tür kök xani* (көк ханы) (менің туысқаным, менің туысым) [8, 1129-б.]. Берілген мысалдардан көк концептісі өрісінің кең екендігі көне дәуірден бастау алатындығына көзімізді жеткіздік. «Көне түркі сөздігінде» (ДТС) көк сөзінің бірнеше семантикалық мағынасы берілген. Мысалы, Көк I небо; Көк II 1.корень, 2. основание опора; 3.перен., происхождение, родословная, Көк III свободный, вольный; Көк IV планка, седла; Көк V шов; Көк VI голубой, синий, сизый; Көк VII радужная оболочка глаза; Көк VIII название птицы (*kök torulyan*); Көк IX кот (*kök četük*);



Көк X *собст.* (kök amaş tutuq); Көк XI *титул* (kök irkan) [3, 332-333-б]. М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») сөздігінде көк *зат.*, көк, аспан, *сын.*, көк [4]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» көк сөзіне бірнеше анықтама берілген. Мысалы, Көк I 1. *сын.* ашық аспан тәрізді (түс); 2. Жасыл (түс); Көк II 1: *зат.* әуе, аспан; 2. *ауыс.* шың биіктік; Көк III *зат. этн.* киіз үйдің керегесін, т.б. көктейтін, кереге ағаштарын бір-бірімен байланыстыру үшін қолданылатын иі қанбаған қайыстан тігілген таспа; Көк IV *зат.* найзағай жай оты, жасын; Көк V *сын. жерг.* қиқар, қыңыр [11, 221–231-бб.].

Көне түркілік түсінік бойынша Тәңірі жерде емес көкте, түркілер Тәңіріні іздесе жерге емес көкке қараған (қазірде «О, Құдай! О, Тәңірі!» қолданылады), адамның жаны да ұшып көкке барады, демек «Тәңірісіне барады» оған дәлел, «Көне түркілердің танымында аспан Құдаймен бірдей болған, сондықтан көк сөзін олар «аспандық күш», «Жаратушы» мағынасында қолданылғандығын басты назарда ұстайды» [12, 87-б.]

«Көк» лексемасы әртүрлі фонетикалық және лексика-семантикалық вариант ретінде түркі тектес халықтардың барлығында кездеседі. «Көк» сөзі ноғай, қарақалпақтарда «кок», башқұрт, татарларда «күк», ұйғыр, өзбек, қазақ, қырғыздарда «көк», түркімен, түріктерде «гөк», азербайжандарда «гөй» нұсқаларында қолданылады. Тек фонетикалық айырмашылығы болмаса, мағынасында еш өзгеріс жоқ. Қазақ халқында «көк» түсінігіне байланысты әртүрлі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер қалыптасқан. Мысалы, «көк етікті» – жағдайы жақсы деген байлықтың белгісі; «көгілдір сезім» – таза махаббат, адалдық; «көк өрім» – бала кез, қыршын жас, қартаймаған; «көксоққан» – қу; «көкбет» – долы; «көк дауылдай» – өте екпінді, мейлінше асқақ; «көк есек» – көнбіс жан, істің құлы, жұмсағанға қолжаулық адам; «көк жамбас» – тым жүдеу; «көк желке» – тісқаққан, төзімді; «көк жұлын» – шыдамды; «көк төбет» – озбыр; «көк малта» – сөз құмар; «көк мандай» – сорлы адам, азап-соры сарқылмаған; «көк ми» – басына ешнәрсе қонбайтын адам мағынасында айтылады. Қазақ тілінде «көк» концептісі әртүрлі танымдық мағынада көптеген фразеологиялық тіркестерде де кездеседі. Мысалы, көк кәріне ұшыра [ұрын] («қарғыс»), көкке атылды («аспанға шапшыды»), көкке аузы ілікті («жерге шөп шығып, тойынар шақ келді»), көкке бақты [қарады] (Тәңірге, Құдайға құр босқа сеніп, емексіді), көкке жетті («аспанмен таласты»), көкке көтерілді [жеткізді] («дәріптеді, құрмет көрсетті, асыра мақтады»), көкке көтерілді [ұшты] («жоғары шарықтады, аспанға ұшты, елше даңқы жайылды, ауызға ілікті, мерейі асты, жұрт сыйлайтын кісі болды»), көк күмбез («аспан әлемі»), т.б. [13, 342–343-бб.].

Түркі халықтарының баға жетпес мәдени байлығы «Күлтегін» жырында да көк сөзінің кездесуі заңды құбылыс. Түркі әлемі үшін өзіндік маңызы бар бұл лексема ежелгі түркілік таныммен тікелей байланысты. Ежелгі дәуірден халық арасында семантикалық жағынан кең қолданыс тауып келе жатқан тілдік бірліктердің бірі. «Күлтегін» жырында кездесетін «Екі аралықта жүрген иесіз Көк түркілерді осылай қоныстандырған екен» [9, 3-б.] деген сөйлемнен көк сөзінің аспан мағынасында қолданып, «аспан түркілері» деген ұғымды білдіргені тарихтан мәлім. Көк бөрінің ұрпағымыз деп санаған ежелгі түркілерге байланысты Ашина аңызы ел арасында да кең тараған. Алтын Орданың шығыс бөлігінің Көк Орда деп аталып, қазіргі таңда мемлекеттік туымыздың түсінің көк болуының да сыры тарих қойнауының тереңінде жатыр. Олай болса, келтірілген мысалдардан көк концептісінің семантикалық өрісінің көне түркі дәуірінен бастау алып, уақыт өте келе мағыналық аясы кеңіп, түркі халықтарының этномәдени санасында сақталғанын көреміз.

«Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінде дін басы деген мағынасында *bügü* сөзі және *bügülärden ulam ol sözlär turur* (Бүгүлер арқылы Ол сөздер жетті) [8, 407-б.] мысалын кездестіреміз. Тарихи мәліметтерге жүгінсек, көне түркілердің Тәңірлік діні о баста «Бөгү» деп аталған, жазба ескерткіштерде әр түрлі нұсқада кездеседі. Мысалы, қытай деректерімен Монғол шежіресінде «бүгү», монғол тілінде «бөө», Құтты білікте «бөге», Теркін «бөке». Ғалым А. Гаркавец *bügü* сөзіне «пророк, прорицатель, предсказатель» деп аударды [8, 1065-

б.]. «Көне түркі сөздігінде» (ДТС) Bögü I мудрый, мудрец деген [3, 124-б.]. М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») сөздігінде «Вөгү» дана, ақылды, білімді, хакім [4, 310-б.]. Сонда бүгү – білгір, данышпан, сәуегей, дана, ақылды, әулие, дін басы болып тұр. Орхон жазба ескерткіші «Тоныкөк» жырында Бөгү қаған есімі кездеседі. Мысалы, «Түркі Бөгі қаған үшін...» [9, 34-б.]. Түрколог Ә. Қайдар «Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі» еңбегінде Бөгү қаған: «Қапаған қағанның үлкен ұлы. Хан ордасының 40 мың әскерін басқарған қолбасшы. Бөгү қаған да білгіш Тоникукпен бірге көрші қырқыздар мен түргештерге қарсы жүргізілген жорықтарға қатынасты. Бөгү қағанның қай жылы туылып, қай жылы, қанша жасқа келіп қайтыс болғаны жөнінде мәлімет жоқ» [14, 45-б.] деген мәлімет береді. Түрколог С. Қаржаубайұлының пікірінше: «Орхон ескерткіштерінің мәтінінде – Бөгү қаған (*bügü qaγan*) – (Түй, 34), - Түй-ұқықпен бірге далалық соғыста бірге жүрген дінбасы. Байырғы түрік, моңғолдарда үлкен соғыс, шабуылға шығарда, қандай бір жаққа аттанғанда дінбасына айтып, көрсетіп, алдын ала болжатып барып қозғалатын болған. Көк түріктің дінбасы Бөгү-қағанның (Қапаған қаған) батасын алып, болжайтын болған. Дәл осы іспетті дінбасшыларының есімі бізге жетті. Бөгү-қаған (Түй.34-50), Бөгү-хан (ТТ.ІІ.А.33), Бөге-будрач (МК.ІІ.27); Бөге-Иавғач (Q.B N.396)» [15, 72-б.]. Қазіргі кезде «бүгү» тілдік бірлігі қолданыстан шыққан көне сөздің бірі.

*Baqčï* (бақшы-бақсы) *baqčï-bitikčï* «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінен емші, көріпкел, сәуегей, оқымысты деген мағынада кездестіреміз. Орта ғасырларда *бақсы* тек емші, көріпкел, сәуегей ғана емес сауатты адам да болғанға ұқсайды. «*Biti*» сөзі көне түркі жазба ескерткішінде де кездеседі. Ал Махмұт Қашқари еңбегінде *Baqčï bitï* – тәңірден жіберілген қасиетті жазу деп берілген [4, 10-б.]. «Көне түркі сөздігінде» (ДТС) бақсы сөзіне *Baqčï I* учитель, «наставник» деген сипаттама берілген [3, 88-б.], *Bitigčï* – писец [3, 111-б.]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бақсы сөзінің бірнеше мағынасы ашылған. Мысалы, Бақсы 1.*зат.*, көне ежелгі түсінік бойынша тылсым әлеммен байланыс жасай алатын, тәуіптік, көріпкелдік, т.б. ерекше қасиеттері бар адам. 2. Әртүрлі тәсілдермен (тамыр ұстау, дем салу, ойнау) сырқат адамдарға ем-дом жасаушы тәуіп [21, 631-б.]. Бітікші 1. *зат көне*. Орталық Азияның орта ғасырлық мемлекеттеріндегі хатшы, көшірмеші сияқты іс жүргізуші адамның лауазымы [22 194]. Демек, *baqčï-bitikčï* Тәңірдің жіберген жазуын білетін, іс жүргізуші ділмар, жазушы, шешен, емші, көріпкел, сәуегей. Ислам дініне дейін халық арасында бақсының дәрежесі жоғары болған. Дала өркениетінің ерекше өкілі бақсылар өз заманындағы ру-тайпалардың саяси-әлеуметтік өмірінде өте маңызды роль атқарған. Шаманизм сенімінен бастау алған бақсылардың ел арасында өзіндік беделі болған. Абыздар мен қағандар ел басқару ісінде де бақсыларға жүгініп отырған. Ауру-сырқаудан, бәле-жаладан, жаманшылықтан құтылудың басты жолы деп таныған халық бақсылардың көмегіне жиі жүгініп отырған. Дәстүрлі емшілер, бақсылар, болашақты болжайтын көріпкелдер туралы Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, Ә. Диваев, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев сынды ғалымдар өз пікірлерін білдірген.

Сондай-ақ қарастырып отырған ескерткіш тілінен *qam* (сиқыршы), *qam qatïn* (сиқыршы қатын), *qamliq etermen* (сиқырлаймын) сөздерінен сол заманда сиқыршылық қасиеттің халық өмірінен орын алғанын байқаймыз. Жазба ескерткіш тілінде кездесетін *rämïllïk* (болжам), *rämïllïk etkil* (болжам ет), *rämïllïk ettim* (болжам еттім), *rämïllïk ett* (пал аш) деген мағынадағы мысалдарға қарап орта ғасырдағы қыпшақ елінде әлдеқандай тылсым күштерге де сеніп, сиқыршылықпен, тіпті пал ашып, жұлдыз жорамалмен де айналысқанын көруге болады. Ғалым Ә. Анарбаев «Кодекус куманикус» жазба ескерткішінде бақсы, шаман, қамлық терминдерінің кездесуі құмандардың монтеизмге дейінгі наным-сенімдерінен мағлұмат береді» дейді [23, 57-б.]. Қазіргі күнге дейін халық арасында палшылардың кездесуі сол ескі халықтың таным-түсінігінен қалған сарқыншақтың ізі болса керек. *Qam, qam qatïn, qamliq, rämïllïk* сөздері көнерген сөздер қатарына жатады, тілдік қолданыстан мүлдем шығып, оның орнын «тәуіп», «көріпкел», «балшы-палшы» сөздері басқан.



«Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінде *qırğan* (қурған) «қорған» термині кездеседі. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, байырғы Орхон бойында қағандар мен батырларға қорғандар орнатылған. Әлемді төртбұрыш деп түсінген түркілер қорғандарды төртбұрышты етіп салған. Бұның негізінде төрткүл дүниенің иесіміз деген түркілік идеология жатыр. Есігі шығысқа қараған және сыртына ор қазылған қорғандардың өзіндік тәртібі де болған. Қорғанға келген адам ата-баба аруағына тәу ететін. Көне түркі заманында қорғандар қағандардың, батырлардың моласы болса, орта ғасырда *қорған* сөзінің мағынасы өзгергенін байқауға болады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: Қорған *зат*. I 1. Бір нәрсені айналдыра соққан қоршау, дуал, биік қабырға, 2. Айнала қорғаныс және қоршау, жағдайында ұзақ уақыт ұрыс жүргізуге арналған, айтарлықтай қарулы жасағы бар, әскери жағынан күшейтілген маңызды бекініс, камал, 3. *ауыс*. Арқа сүйеп, күш тұтар тірек, таяныш пана. Қорған *ет*. II 1. Өзін қорғау, сақтану, 2. Жасқаншақтану, имену, сескену [16, 77-б.] сияқты бірнеше мағынасы берілген. Ал «Диалектологиялық сөздікте» *қорған* сөзінің жергілікті екі мағынасы берілген. Мысалы: I 1. (Семей, Абай) шөп жинау үшін пайдаланылатын төбесі ашық шарбақ. Мына қорғандағы шөп бір қысқа еркін жетеді (Семей, Абай), 2. (Қарақ.) мал қамайтын қора; II (МХР) Кірпіштен қалап, іші-сыртын балшықпен сылаған, төртбұрыш, төбесі ашық, там үй тәріздес өлген адамдарды жерлейтін орын. Қорғанға ағайын адамдар, үй ішінің адамдары жерленді (МХР). Қ. қауым, қорым [17, 458-б.]. Жергілікті диалектіге қарай *қорған*, *қауым*, *қорым* сөздері тілдік қолданыста кездесе береді.

Сондай-ақ жазба ескерткіште *sin* сөзі сынтас, мола (зат есім) және сын (етістік) мағыналарында кездеседі. А. Гаркавец *sin* сөзінің алғашқы заттық ұғымды білдіріп тұрған мағынасын «надгробный камень», «образ покойника» [8, 1218-б.] деп аударады. Ал *sin* сөзінің етістік тұлғасына: «*Tavlarniñ tavi sendän kişi kesmeyin sindi*» (таулардың тауы кісі кеспей сынды) деген мысалды кездестіреміз [8, 1216-б.]. «Көне түркі сөздігінде» (ДТС) де *sin* сөзінің екі мағынасы берілген. Мысалы, *Sin* I 1. туловище, тело, стан; 2. составная часть и член; *sin* II могила және *Sin* 1. ломаться, переламываться, разламываться 2. разбиваться, побеждаться [3, 534-б.]. М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») сөздігінде сын – бой, тұрақ (сын-сымбат – А.Е.) дегенді білдіреді [4, 195-б.]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» сынтас сөзінің бірнеше мағыналары ашылған. Мысалы, *Сын зат*. I 1. Сынақ, тексеріс, байқау. 2. *әдеб.* белгілі бір ғылыми, әдеби туындының жетістіктерімен қатар кемістіктерін талдап, баға бере айтылатын пікір. 3. Жағымсыз мінез, оғаш іс үшін тағылатын кінә, мін. *Сын II зат*. 1. Қандай да болмасын бір заттың табиғи бітімі мен сән келбеті. *Сын III зат*. Араб әліпбиіндегі «с» әріпінің айтылуы. *Сын IV етіс*. 1. Қирау, бүліну. 2. Аяқ қол сияқты дене сүйегінің морт кетуі. 3. Ағаш, т.с.с. қақ бөлінуі, қурауы, құлауы. 4. *ауысп.* Басылу, тауы шағылу, мою. 5. *ауысп.* Шығынға ұшырау, ұтылу. 6. *ауысп.* Күн райының (аяз, жел) ызғару, қайту, толастау, басылу [18, 506-б.]. Ғалым С. Қаржаубайұлы «Еуразияның далалық зонасы мен далалық таулы аймақтарда орналасқан скифтердің киелі орындарында сағанатастың ортасына тас бағана (сынтас) орналастырылған, ал Сібір және орманды алқаптарда ағаш бағана орнатылғаны туралы деректер аса мол» деген пікір айтады [15, 42-б.]. Ғалымның келтірген мәліметіне сүйенсек, сынтастардың көне скифтер заманынан бері орнатылып келе жатқанына көзіміз жетеді. Академик Р. Сыздық «Көне түркілердегі сын сөзінің мағынасы «кеуде, дене, мүсін» дегенді білдірсе, екінші мағынасы мола болған (ДС, 503) Демек, сынтас дегенді екі түрлі мағынада түсіндіруге болады: бірі адамның мүсінін, көбінесе кеудесін бейнелейтін тас, екіншісі «моланың басына қойылатын тас». Бұл екі мағына бір-бірімен іліктес. О баста сынтас «адам мүсінін бейнелейтін тас» деген мағынаны білдіре келе, мұндай тастарды моланың басына да қоятын болғандықтан, сын сөзі мола ұғымын да беріп кеткен болуы керек. Қайткен күнде де сын – көне түркі сөзі. Бұл күнде сын сөзі өзінің көне мағынасында жеке тұрып қолданылмайды. Тек тіркес құрамында сақталған», – дейді [19, 146-б.]. Оған дәлел, халық арасында «сынында

мін жоқ», «сыры кетсе де сыны кетпеген», «сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді» деген тіркестер мүсін мағынасын білдіріп тұр. Ғалым С. Қаржаубайұлы ғылыми еңбектерінде қытай жылнамаларында «бағана тас», «бағана» ұғымдарына байланысты деректер қалғанын жайлы мәлімет береді. Оларды қазақ халқы «сынтас» деп атаған деп тұжырымдайды. Сынтас дегеніміз – тас бетіне қашалған адам бейнесіндегі бағана тастар. Көне түркілердің танымы бойынша сағана тас ортасына қойылған ағаш тас бағаналар «Тәңір ағашы» деп аталған. Қайтыс болған адамның жаны «Тәңір ағашына» қонып, екінші өмірін бастайды деген түсінік болған. «Тәңірлік дін түсінігі бойынша төменгі және ортаңғы, жоғарғы әлемді жалғастырушы қасиетті кіндік – сынтас. Ол жаратушы Тәңірден адамзатқа берілген бақыт, байлықтың символы» [15, 44-б.].

«Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінде наным-сенімге байланысты кездесетін сөздердің бірі – *kešenä*. Ғалым А. Гарковец ескерткіште кездесетін кесене сөзіне «гробница, усыпальница, дом мертвых» деп аударма жасайды [8, 1121-б.]. Тарихи мәліметтер бойынша «кесене» – X–XII ғасырларда қаланған сәулет өнерінің түрі. Кесене салу Қарахан мемлекетінің тұсында өркендеген. Оның дәлелі ретінде «Айшабибі», «Қарахан», «Бабаджа қатын» секілді кесенелерді айтуымызға болады. Кесене салу дәстүрінің дамуына XIII ғасырда монғол шапқыншылығы айтарлықтай кедергі келтірген. Сол себепті де XIV–XV-ғасырларға дейін кесенелер салынбаған. «Қожа Ахмед Яссауи», «Баба түкті Шашті Өзіз», «Арыстан баб», «Көккесене», «Алашахан», «Домалақ ана», «Райымбек баба», «Укаш ата» секілді әлемге әйгілі киелі орындар салынған. Кесене – қайтыс болған адамға арналып салынған монумент, жерлеу құрылысы. Қыпшақтанушы Б. Көмеков «Кешене, кесене салуды исламмен танысқан соң білген болуы керек деуге болатын сияқты. Өйткені деректерден көне түркі дәуірінде сәулетті кесене салу дәстүрі кездеспейді» деп айтады [7, 220-б.]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» кесене сөзінің заттық мағынасы берілген. Мысалы, Кесене *зат.* 1. Беделді, атақты кісілердің көрнекті болып, күмбезді көтерілген қабірі. 2. *сәулет.* Қабір, бейіт, күмбезді мәдени-тарихи ескерткіш, 3. *тар.* Ұй, қоныс-тұрақ, төбесі жабылған құрылыс [20, 691-б.]. «Диалектологиялық сөздікте» кесене сөзіне «кесене – ойлы-қырлы жер бедері. Жердің кесенесін тасалап, тығылып жатсаң, қарақұйық сені көрмейді» деп анықтама берген [17, 346-б.].

Қазақ халқының танымында «қорған, сынтас, әулие, кесене» сөздері ең таза жерлер болып есептелінген, тіпті адасып, елсіз, сусыз қалған кездерде осы жерлерге түнеп шығуға болады деген де түсінік бар. Тамырымызды тереңге тартатын «қорған, сынтас, әулие, кесенеге «барып дұға оқу, медет тілеп аралау, басына түнеу, құран бағыштау дәстүрі» әлі күнге дейін жалғасуда десек қателеспейміз. Сонымен қатар, бұл жерлерді мал-жанның аралап, аяқ асты етуіне жол бермеген.

Әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, наным-сенім, салт-дәстүрлерімен байланысты туындаған сөздік қоры бар. Халықтың өзіне ғана тән менталды ерекшелігін айқындап тұратын сөздердің концептілік мәні сол халықтың ғасырлар бойындағы жинаған өмірлік тәжірибесінен туындайды. Қашан да түркілер үшін космоимдік түсініктер құдіретті құбылыс деп танылған. Ежелгі түркі тайпалары аспан әлемін қасиетті деп санап, оны жаратушы құдірет Тәңірі деп түсінген. Аспан денелері атауларының концептуалды өрісі кең. Мысалы, ай сөзінің сұлулық, өлім, әйелге тән символ, ақиқат, байлық сынды концептілік қасиеттерін атап айтуымызға болады.

«Кодекус Куманикус» ескерткішінде айға байланысы *ayda bizgä saxınmax* (ай да бізді сағынбақ) [8, 57-б.], *ay altundan elçi keliyir* (алтын айдан елші келеді) [8, 57-б.] мысалдарын кездестіреміз және бұған қарап айға қатысты түркілік ұғымды байқаймыз. Қазақ халқында айға байланысты тыйым сөздер мен наным-сенімдер бүгінгі таңға дейін қолданыс тауып келеді. Мысалы, «айға қарап қолыңды шошайтпа», «айға қарап дәрет сындырма», «айға дененді көрсетпе», «айға қарап телмірме». Сонымен қатар, жаңа туған айды көрсе халқымыз

«жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке» деп бата жасап, оған сәлем салған. Аспан денелері жайлы түркілік дүниетанымның бейнелі түсініктері, тілдік модельдері халық арасында фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен фольклорлық сюжеттер көптеп кездеседі. Аспан денелеріне байланысты наным-сенімдер мен тыйым сөздер бүгінгі күнге дейін сақталып, халық өмірінен өзіндік орын алған. Түркілік танымнан туындаған наным-сенімдер жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруге де негізделіп туындаған. «Түркі халықтарының біраз бөлігі – көшпелі халық. Осыған орай тағдыры көшіп-қонумен байланысты болған халықтар табиғат құпиясын түсінуге, түрлі көріністерді тамашалап, бағалай білуге ұмтылған. Көшпелі түркілердің мифтік аңыздарындағы құпия – адам мен табиғат байланысына құрылған Жер мен Суға, Ай мен Күнге табынуы. Аспан денелері, өсімдіктер мен жануарлар әлемінде тылсым бір күш бар деп санап, оған құрметпен қарауды, сақтап қалуды ұрпағына аманат еткен. Олардың дені сау тұлға болып қалыптасуына табиғаттың тікелей әсері барын түсіндіре отырып, табиғатпен етене байланысты болуға және оған жанашырлықпен қарауға тәрбиелеген» [24, 99-б.]. Ау (ай), *kun* (күн) *yulduz* (жұлдыз) сынды аспан әлемі ұғымын білдіретін тілдік бірліктерден түркілердің аспан әлемін зерттеп, ондағы ай мен күннің, жұлдыздың орын алмасуын бақылап, ауа райын болжай алатын қасиеттері болғандығын байқаймыз.

Тілдің негізгі қызметі тарихи-мәдени тілдік деректерді бойына сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуінде. Тамыры тереңде жатқан әрбір атаудың ұлт үшін тарихи-әлеуметтік маңызы зор. Осындай ғасырлар бойғы ақпараттарды бойына сақтаған атаулардың бірі аспан әлемімен байланысты туындаған бірліктер. Аспан әлемі ұғымдарды білдіретін бұл бірліктер танымдық ақпараттарға бай, түркілік наным-сенімдермен тікелей байланысты болып табылады. Өз кезегінде құмандар аспан әлемінің сырларын жақсы білген. Астрономия ғылымын игеріп, жұлдыздарды бақылаған, тіпті оларға сиынған да. Бұл үрдіс түркі елдерінде әлі де сақталынған. «Кодекус Куманикус» мәтініндегі *yulduzçı* (жұлдызшы) сөзінің кездесуіне байланысты қыпшақтардың жұлдыз жорамалмен де айналысқанына көзімізді жеткіземіз. Жазба ескерткіштен: Мысалы, *yulduz köründü* (жұлдыз көрінді), *yulduz ekinçi köründü* (екінші жұлдыз көрінді), *qačan kördilär ol yulduznı* (ол жұлдызды қашан көрдіңдер) [8, 63-б.], *andan yulduzun ilgäri bardı* (оның жұлдызы ілгері барды), *anıñ yulduzun kördük* (оның жұлдызын көрдік), *Ol yulduz neçik bir oxlan bigev edi* (ол жұлдыз жас өспірім сияқты көрінді) [8, 63-б.], *yulduznı tuvurdiñ* (жұлдызды тудың) [8, 76-б.], *biz anıñ yulduzun kördük* (біз оның жұлдызын көрдік), *qačan kördilär ol yulduznı, ulu sovünç sövündilär* (ол жұлдызды көргенде сағыныштан ұлы қуанышқа бөлендік) [8, 63-б.]. Өз кезегінде орта ғасырлық қыпшақтар аспан денелерінің қозғалысын бақылап, жыл мезгілдері, ауа райына байланысты ақыл-кеңестерді жұлдызшыдан біліп отырған. Жұлдыз сырын ұғуға тырысқан түркілердің танымын байқатады.

Жұлдыз сөзі түркі тектес халықтардың ішінде фонетикалық өзгешеліктерімен кездесетіні заңды құбылыс. Мысалы, қарашай-балқарша – «жұлдыз», башқұртша – «йондыз», құмықша – «юлдуз», қырғызша – «жылдыз», ноғайша – «юлдыз», татарша – «йолдыз», қазақша – «жұлдыз». Қазақ танымында темір қазық, үркер, жеті қарақшы, ақбоз ат, кіші аю секілді жұлдыздарға байланысты аңыздар көптеп кездеседі. «Жеті қарақшыны таныған адам, жеті қараңғы түнде адаспайды», «үркер – алты, жұт – жеті», «үркер жерге түспей жер қызбайды» деген мақал-мәтелдер арқылы жұлдызға қарап, ертеңгі ауа райын болжау, тағдырды болжау, бұрыннан келе жатқан наным екеніні белгілі. Халық танымында жұлдыздарды санамайды, жұлдыз санаса, өлім-жітім, жаманшылық көп болады деген түсінік болған. Сол сияқты халқымыз аспаннан ағып түскен жұлдызды көргенде «менің жұлдызым жоғары» деп айтып үлгеру керек деп ойлаған, оның себебі аспаннан жұлдыз аққан кезде өмірден бір адам өтті деген таным-түсінік болған.

Күн сөзіне байланысты «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінде *kun toxiči* (күн тоғысты, күннің шығуы) [8, 586-б.], *kun batiši* (күн батысы) [8, 586-б.], *kun tuvušniŋ* (күн батты, күннің батысы) [8, 582-б.], *kun altundan älcı kelıyır* (älci – elci техникалық қателік кеткен болуы мүмкін) (алтын күннен елші келіп) [8, 57-б.], *künniŋ yarixi qarardı* (күннің жарығы қарыды) [8, 57-б.] сынды тіркестерді кездестіреміз. Жалпы түркі елдерінің аспан әлеміне байланысты танымдары өзгеше сипатта болған. Оған ерекше назар аударып, өзіндік космологиялық пікірлерін қалыптастыра отырып, тыйымдар мен ырымдарға қатты сенген. Мысалы, «күнге қарап дәрет сындырма», «күн батарда күнмен таласып жұмыс істеме», «күн батарда ұйықтама», «күн батқан соң қорадан мал шығарма», «күн шығарда ұйықтама» деген тыйым сөздер күні бүгінге дейін қолданылады.

Қазіргі қазақ тілінде «жай», «жай түсу» мағынасындағы ұғымдар кездеседі. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *жай* сөзінің мағынасын ашатын бірнеше концептілерге түсініктеме берілген. Мысалы, *жай* сөзі зат есім, сын есім, үстеу, етістік тұлғалы сөз таптарында кездеседі (зат есім: найзағай, хал-ақуал, белгілі бір орын, мекен-тұрақ, садақ; сын есім: қатардағы қарапайым, жайлы, қолайлы; үстеу: байыппен ғана, сабырмен, салмақтап сөйлеу, өзімен өзі, жайбарақат, қозғалыссыз, әрекетсіз, әдеттегіден кеш, кейін, соң, әйтеуір, әншейін ғана, мәнсіз бос, ақы-пұлсыз, бос, төлеусіз, тегін және етістік: таратып ыдырату, керу, жазу [25, 558–565-бб.]. «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішіндегі «*уау*» сөзі «садақ», «*уауši*» сөзі «садақшы» мағынасында беріледі. «Кодекус Куманикус» жазбасында «*уау*» – жай тасы, «*уауši*» – жайшы терминдері діни сенімдерінен ғана емес, астрономиялық білімдерімен қатар этнографиясынан да хабар береді» деген тұжырым жасайды [24, 736-б.]. Тарихшы ғалымдар Б. Көмеков пен Қ. Анарбаев жазба ескерткіштегі «*уау*», «*уауši*» сөздері тек садақ және садақ жасаушы деген ұғымдарды ғана емес халықтың нанымына қатысты да қолданылған тілдік бірліктер деп қарастырады. Ал лингвист ғалым Ж.А. Манкеева жайшы сөзіне «*уауši* – *жайшы*, *сиқыршы* (жаңбыр шақырушы)» деген түсінік береді. [2, 332-б.]. Дала өркениетінің тәртібі бойынша жер құрғап, жаңбыр жаумай, құрғақшылықтан мал-жан қатты қиналған уақытта жайшы сиқырмен жаңбыр шақыратын болған. Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» еңбегінде Н.И. Ильминскийдің жайшы сөзін – жаңбыр шақырушы, ал Ш. Уәлиханов сиқырмен жаңбыр шақырушы деп көрсеткенін атап өтеді: «Бірақ жайшы – кез келген сиқыршы (жалпы жадыгөй адам) емес ауа-райын өзгерту үшін сиқырлық жасаушы адам [19, 76-б.] деп түсіндіреді. Міне осы жай шақырғандағы найзағайдың ойнауын түркілер «*sazayan*» деп атаған. «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінде *sazayan* айдаһар мағынасында берілген. *Sazayan* ұғымына Р. Сыздық мынандай пікір білдіреді: «Нөсер жауған кезінде ауада электр зарядтарының бір-біріне соқтығысуынан пайда болған күшті құбылысты нажағай немесе найзағай дейміз (ҚТТС, VII, 310). Бұл сөз қыпшақ тілдерінде сазаған тұлғасында да қолданылған. Сазаған сөзі – бұлт ішіндегі аждаһа дегенді білдіреді. Демек нажағай мен /аждаһа /аждақай сөздерінің өрісі (туысы) бір: нажағай көктегі от боп жарқылдайтын қанатты аждаһа деген сенімнен шыққан болар. Сондықтан бұл сөздің қару атауы ретіндегі найза сөзіне еш қатысы жоқ сияқты» [19, 125-б.] дейді. Байқағанымыздай, сазаған найзағай, жай, жайшы ұғымдарына байланысты халық танымында наным-сенімдер сақталған. Халық арасында жай түссе «Тәңірдің қаһары», «оғы» түсті деген түсінік те осыған байланысты туындаса керек. Және тұспалдап, оның атын атамай, «көксөкқан» деген, бұл «көк тәңірінің оғы соқты» деген сөз тізбегінің ықшамдалған түрі. Әлі күнге дейін күн күркіреп, найзағай ойнаса, биік жерге шығуға, ақ киім киюге, атқа мініп жалғыз жүруге, ағаш қасында тұруға тыйым салынады. Жай сөзі қазіргі қазақ тілі фразеологиясында да көрініс тапқан. Мысалы, жай соққандай [түскендей] («есеңгіреп, қиналып отырған адам»); жай оғындай атылды [болды] 1. («шаншыла, тұтқиылдан шабуылдады, күтпеген жерден тарпа бас салды»), 2. («шаншудай қадалды»); жай оғындай жайратты («сұлатып салды, мұрттай ұшырды») [13, 227–228-бб.].

Әрбір ұлттың рухани санасы мен болмыс-бітімі сол ұлттың тілімен тығыз байланысты деген қағиданы ұстансақ, «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінің лексикасы құрамынан ұлттық дүниетанымның терең тамырын тарту арқылы түркілердің табиғатты меңгеруге ұмтылуын, табиғат құбылыстарын түсінбеген кезеңдегі бақсы-балгерлерге, әулиелерге сеніп, сиқырлы күштерге құлшылық еткенін байқаймыз.

Зерттеу нәтижесінде орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіш тіліндегі тәңірлік, мистикалық, космоимдік *Teñir, kök, бүgü, baqçï, qam, qam qatïn, rämïllik, keşenä qurğan sïn, yulduzçï, ay, kun, yulduz, yau, yauçï, sazaran* сынды лингвомәдени ұғымдардың көне түркілік дүниетанымнан бастау алатындығына көз жеткіздік. Талдау нысанына алынған лингвомәдени сипаттағы ұғымдардың қазіргі тілдік қолданыстағы көрінісі нақты мысалдармен дәлелденді.

Наным-сенімдерге байланысты қалыптасқан лексикада халықтың сан ғасырлық өмірі мен мәдениеті сақталған. Ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған этномәдени құндылықтар қаншама уақыт өтсе де ұлт санасында сақталып, бүгінгі таңда халық арасында өзіндік қолданысын жоғалтпаған.

### Қорытынды

Тіл – адамзаттың ой-толғауы, айналасында болып жатқан құбылыстарды қабылдауы, өмірді пайымдау арқылы ақиқат дүниені тануының бірден бір құралы. Адамзаттың ой-толғауы, айналасында болып жатқан құбылыстарды қабылдауы, өмірді пайымдау арқылы ақиқат дүниені тануы тіл арқылы бейнеленеді. Түркілік дүниетанымнан хабар беретін тілдік дерекке бай орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіші қыпшақ тіліндегі құнды жәдігерлердің бірі. Ескерткіште мол этнографиялық материалдар жинақталған. «Кодекус куманикус» мәтінінде кездесетін этномәдени концептілер сол кезеңде өмір сүрген түркілердің таным-түсінігінен салт-дәстүрі мен наным-сенімін байқатады. Көне түркілік дүниетаныммен сабақтасып жатқан орта ғасырлық құмандардың рухани-мәдени өмірі жайлы деректер тілдік санада сақталып, әдеби ескерткіштерде көрініс берген. «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішіне лингвистикалық талдау жасау арқылы орта ғасырлық түркілердің рухани, мәдени, әлеуметтік, этникалық танымын айқындауға көп мүмкіндік туғызады. Мақалада «Кодекус Куманикус» ескерткіш тілінде кездесетін наным-сенімдерге қатысты лингвомәдени бірліктерге концептуалдық-семантикалық талдау жасалынды. Антропоэзектілік ұстаным негізінде әлемді тілдік деректер арқылы тану бүгінгі таңда лингвистика ғылымының өзекті мәселелерінің біріне айналууда. Мақалада орта ғасырлық түркілік дүниетаным мен бүгінгі қазақ халқы танымы арасындағы жақын сабақтастық анықталды. Орта ғасырлық құман тілінің қазіргі қазақ тілімен жақындығы салыстырмалы талдау негізінде ашылды. «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіші тілін зерттеу нәтижесінде орта ғасырлық құман тілі қазіргі қазақ әдеби тілінің қайнар көзі деген тұжырым жасалынды. Яғни ғасырлар бедерінде жалғасын тауып, дамып келе жатқан қазақ тілінің тамыры тереңде екендігі дәлелденді.

Орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» мәтініндегі діни және мистикалық наным-сенімге және космоимдік атауларға қатысты тілдік бірліктер орта ғасырдағы түркілердің рухани өмірінің көрінісі. Көкке (Тәңірге), аспанға табыну көне түркілердің дүниетанымымен байланысты туындаған. Көне тәңірлік діни наным-сеніммен туындаған *Teñir* (тәңір), *kök* (көк) сөздерінің орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіші мәтінінде жиі кездесуі заңды құбылыс. Қазіргі қазақ тілінің лексикасында *Тәңір, көк* сөздерінің белсенді қолданысы қазақ тілінің түп-тамыры тереңде жатқандығының дәлелі.

*Baqçï* (бақсы), *qam* (шаман), *qam qatïn* (сиқыршы қатын), *rämïllik* (құммен пал ашу), *rämïlik etkil* (пал ашу), *bugu* (әулие), *keşene* (кесене), *qurğan* (қорған), *sïn* (сынтас) сияқты мистикалық танымнан туындаған тілдік бірліктер мен *yulduzçï* (жұлдызшы), *ay* (ай), *kun* (күн)

*yulduz* (жұлдыз) сынды аспан денелеріне қатысты атаулар бүгінгі күнге дейін халық санасында сақталып, тілдік қолданыста кездесіп жатады. Осыған байланысты мақалада түркілік танымнан туындаған лингвомәдени тілдік бірліктердің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы айқындалды. Халық өмірімен тығыз байланысты Тәңірге, айға, жұлдыздарға қатысты танымдық түсініктер, наным-сенімдердің бастау алуы көне түркілік тіршілікпен байланысты екендігі, олардың әлі күнге дейін халық санасында сақталып, тіршілігінен орын алып келетіні тілдік деректер арқылы айқындалды. Қорытындылай келе, «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіші орта ғасырлық құмандардың өмірінен, мәдениеті мен тарихынан мол ақпарат бере отырып, жалпы когнитивті қорға бай түркі тілдерінің сөздің қоры мен олардың бүгінгі таңдағы жалғастығын айқындауға мол мүмкіндік туғызатын құнды ескерткіштің бірі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Боранбаев С. Түркі және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ. – Шымкент: Нұрлы әлем, 2005. – 115 б.
2. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 365 б.
3. Древнетюркский словарь. – Астана: Ғылым, 2016. – 708 с.
4. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 592 б.
5. Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках. Тюркологический сборник. – М.: Наука, 1981. – 192 с.
6. Көмеков Б., Анарбаев Қ. «Кодекус Куманикус» қыпшақтардың тарихи-мәдени ескерткіші (XIII-XIV ғғ.): монография. – Алматы: Нұр-Сұлтан, 2020. – 336 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.14. – Алматы: Дәуір, 2011. – 956 б.
8. Гаркавец А. Кодекус куманикус. – Алматы: Баур, 2015. – 1344 с.
9. Күлтегін. Тоныкөк. – Астана: Аударма, 2022. – 96 б.
10. Гүлсевин Г., Құлбарақ С. «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкөк» жырларындағы ортақ мотивтер: көне түркілік дүниетаным бейнесі // *Turkic Studies Journal*. – 2022. – №3. – Б. 58–70.
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.8. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
12. Pansat Zh., Khalikova N. Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of «Blue» in the Kazakh Language // *International Journal of Society, Culture and Language*. – 2023. – Vol. 11, 2. – P. 85–93. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.556420.2676>
13. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
14. Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.
15. Қаржаубайұлы С. Тас кітаптың құпиясы. – Алматы: Арыс, 2019. – 384 б.
16. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.10. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
17. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2017. – 800 б.
18. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.13. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
19. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Дәуір, 2009. – 369 б.
20. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.7. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
21. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.2. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
22. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.4. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
23. Анарбаев Қ.С. Ұлы Дала көшпелі тайпаларының көне және орта ғасырлық наным-сенімдеріндегі тарихи сабақтастық мәселесі («Кодекс Куманикус» (XIII-XIV ғ. басы) жазба ескерткіші материалдары бойынша) // *Türkoloji. Naziran* 24.065.2013;(64). – Б. 104–110. 2604997 ([dergipark.org.tr](http://dergipark.org.tr))
24. Қадашева Қ., Асанова Ұ.О., Мырзаханова А.Қ. Түркі халықтарының дәстүрлі тәрбие жүйесіндегі фольклордың рөлі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2019. – №2 (112). – Б. 91–100.
25. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т. 5. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.



## REFERENCES

1. Boranbaev S. Turki jane qypshaq tilinin tuystygy turaly jinaq [Collection on the kinship of the Turkic and Kipchak languages]. – Shymkent: Nurly alem, 2005. – 115 b. [in Kazakh]
2. Mankeeva J.A. Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardyn tanyndyq negizderi [Cognitive foundations of ethno-cultural names in the Kazakh language]. – Almaty: Jibek joly, 2008. – 365 b. [in Kazakh]
3. Drevnetiurkski slovar [Ancient Turkic dictionary]. – Astana: Gylym, 2016. – 708 s. [in Russian]
4. Qashqari M. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. – Almaty: «Taimas» baspa uii, 2007. – 592 b. [in Kazakh]
5. Kliashtornyi S.G. Mifologicheskie siujety v drevnetiurkskih pamiatnikah. Tiurkologicheski sbornik [Mythological subjects in ancient Turkic monuments. The Turkological collection]. – M.: Nauka, 1981. – 192 s. [in Russian]
6. Komekov B., Anarbaev Q. «Kodekus Kumanikus» qypshaqtardyn tarihi-madeni eskertkishi (XIII–XIV gg.) [Historical and cultural monument of the Kipchaks “Codecus Kumanicus” (XIII–XIV centuries)]: monografiya. – Almaty: Nur-Sultan, 2020. – 336 b. [in Kazakh]
7. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.14. – Almaty: Dair, 2011. – 956 b. [in Kazakh]
8. Garkavec A. Kodekus kumanikus [Codecus cumanicus]. – Almaty: Baur, 2015. – 1344 s. [in Russian]
9. Kultegin. Tonykok [Kultegin. Tonykok]. – Astana: Audarma, 2022. – 96 b. [in Kazakh]
10. Gulsevin G., Qulbaraq S. «Kultegin», «Bilge qagan» jane «Tonykok» jyrlaryndagy ortaқ motifter: kone turkilik duniyanym beinesi [Common motifs in the songs “Kultegin”, “Bilge Kagan” and “Tonykok”: the image of the ancient Turkic worldview] // Turkic Studies Journal. – 2022. – №3. – B. 58–70. [in Kazakh]
11. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.8. – Almaty: Dair, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
12. Pansat Zh., Khalikova N. Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of «Blue» in the Kazakh Language // International Journal of Society, Culture and Language. – 2023. – Vol. 11, 2. – P. 85–93. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.556420.2676>
13. Kenesbaev I. Frazеologialyq sozdik [Phraseological dictionary]. – Almaty: Arys, 2007. – 800 b. [in Kazakh]
14. Aidarov G. Tonikuq eskertkishinin (VIII gasyr) tili [Language of the tonikuk monument (VIII century)]. – Almaty: «Qazaqstan» baspa uii, 2000. – 120 b. [in Kazakh]
15. Qarzhaubaiuly S. Tas kitaptyn qupiasy [The mystery of the stone book]. – Almaty: Arys, 2019. – 384 b. [in Kazakh]
16. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.10. – Almaty: Dair, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
17. Dialektologialyq sozdik [Dialectological dictionary]. – Almaty: Arys, 2017. – 800 b. [in Kazakh]
18. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.13. – Almaty: Dair, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
19. Syzdyq R. Sozder soileidi [Words speak]. – Almaty: Dair, 2009. – 369 b. [in Kazakh]
20. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.7. – Almaty: Dair, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
21. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.2. – Almaty: Dair, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
22. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.4. – Almaty: Dair, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
23. Anarbaev Q.S. Uly Dala koshpeli taipalarynyn kone jane orta gasyrlyq nanym-senimderindegi tarihi sabaqtastyq maselesi («Kodeks Kumanikus» (XIII-XIV g. basy) jazba eskertkishi materialdary boiynsha) [The problem of historical continuity in the ancient and medieval beliefs of the nomadic tribes of the Great Steppe (based on the materials of the written monument “Codecus Cumanicus” (XIII-early XIV centuries))] // Türkoloji. Haziran 24.065.2013;(64). – B. 104–110. 2604997 (dergipark.org.tr) [in Kazakh]
24. Qadasheva Q., Asanova U.O., Myrzahanova A.Q. Turki halyqtarynyn dasturli tarbie juiesindegi folklordyn roli [The role of folklore in the system of traditional education of the Turkic peoples] // Iasau universitetinin Habarshysy. – 2019. – №2 (112). – B. 91-100. [in Kazakh]
25. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.5. – Almaty: Dair, 2011. – 752 b. [in Kazakh]